

# Мерекенімен, мейірімділердің мейірі!

Аялаймын сені, Қызылорда!

ҚҰТТЫҚТАУ



## Ақмешіт

6 наурыз  
жексенбі

№18 (1823)

2022 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

### БАС ПАРТИЯ ӨЗГЕРІСКЕ БЕТ БҰРДЫ

Осы аптадағы елдегі маңызды жаңалықтың бірі ретінде бұған дейін «Nur Otan» аталған, 1 наурыздан бастап атауын «AMANAT» деп өзгерткен бас партияның кезектен тыс съезін атап өтуге болады. Партия съезіне қатысқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алдымен барша қазақстандықтарды алғыс айту күнімен құттықтап, «Жаңа Қазақстанды» құру жөніндегі ауқымды міндетті орындауға кіріскенін мәлім етті.

– Саяси ұйымның атауын «AMANAT» деп өзгерту ұсынылды. Жасыратын ештеңе жоқ, мен де бұл мәселеге байланысты пікірталасқа қатыстым. Бірнеше ұсыныс болды, соның ішінен «AMANAT» деген атауға тоқтадық. Бұл – еліміз үшін де, ұлтымыз үшін де айрықша мәні бар киелі ұғым. Егемендігіміз, елдігіміз бен бірлігіміз, кең байтақ жеріміз – бізге бабалардан жеткен аманат. Осы қастерлі құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтап, болашаққа мирас етуіміз керек. Мемлекеттілік дәстүр жалғастығы, ұрпақ сабақтастығы дегеніміз – міне осы. Халқымыз ешқашан аманатқа қиянат жасамаған. Партия бұл қағидатты берік ұстанады. «AMANAT» ата-бабаларымыздың келешек ұрпаққа қалдырған өсиеті деген ұғымды білдіреді. Аманат сөзінің – мағынасы терең, халқымыздың тарихи мен мәдениетінде ерекше орын алады. Ол бабаларымыз өсиет еткен тәуелсіздіктің мәңгі арман-мұраты, қуатты мемлекеттіліктің және жалпұлттық тұтастықтың, кең-байтақ Отанымыздың құндылығы ретінде сипатталады. Біз осы баға жетпес мұрамызды сақтап, нығайтуға тиіспіз. Бұл – біздің аға буын мен өскелең ұрпақ алдындағы қастерлі борышымыз. Сондықтан мен партиямызды ресми түрде «AMANAT» деп атауды толық қолдаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өткен айда жүргізілген ауқымды аналитикалық жұмыстар партия қызметіне маңызды өзгерістер енгізу қажет екенін көрсетті деп атап өтті.

– Партия аппаратының жұмысында бюрократияның теріс сипаттары анық көрінді. Желілік кестелер, есеп беру және қағаз жүзіндегі іс-шаралар сайлаушылармен тікелей жұмыс істеуді екінші орынға сырғытты. Жұмысқа құлшынып тұрған азаматтар өз орындарын дарынсыз функциягерлерге беруге мәжбүр болды. Сондықтан орталық аппараттың филиалдармен және бастауыш партиялық ұйымдармен өзара іс-қимыл әдістерін толығымен қайта қарау қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Мәжіліс пен мәслихаттардағы фракциялардың қызметін жандандыру керек.

– Әлеуметтік желілер мен қала алаңдарындағы қоғамдық талқылауларды Парламент пен мәслихаттарда өткізген жөн. Бұл – аса маңызды міндет. Фракциялар депутаттық сауалдармен шектеліп қалмай, парламенттік және қоғамдық талқылаулар мен ашық пікір-сайыстарға баруға тиіс. Керек болса, Үкіметтің нақты мүшелері мен әкімдерге сенім мәселесін көтеру қажет, – деді партия төрағасы.

Партия төрағасы елімізді одан әрі жаңғырту үшін партияластарынан тың ұсыныстар күтетінін атап өтті. Сондықтан жалпұлттық өзекті мәселелер күн тәртібін әзірлеу үшін Қазақстанның әрбір азаматынан тың идеялар мен ұсыныстар жинау жөнінде республикалық акция ұйымдастырған жөн. Мемлекет басшысы партияластардың ішінен сенімді адамдарды іріктеп, оларды ілгерілетуісіні жандандыруға дұрыс деп санайды.

– Ашығын айтқанда, қазіргі кезде саяси менеджерлерді даярлау ісі ақсап тұр. Қазіргі жағдайда саяси басшылар түрлі мамандармен, жастармен, журналистермен, халықтың барлық өкілдерімен тіл табыса алу керек. Мұндай адамдар ел арасында аз емес. Әлеуметтік лифтінің жоқтығы – бірден-бір кедергі. Жас әрі қабілетті мамандарға мүмкіндік берейміз. Бұл – біздің басты кемшілігіміз. Партия құрылымында Саяси менеджмент академиясы бар. Осы академияның қызметін күшейту қажет, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Украинадағы жағдайды сөз ете келе Қауіпсіздік Кеңесінің бірқатар отырысын өткізгенін жеткізді. Қазақстан Президенті санкциялық қарсылықтың бұрын-соңды болмаған шиеленісуі жағдайында Үкіметке елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету жөнінде нақты міндеттер жүктегенін айтып, біздің экономикамыз дағдарыс жағдайында үздіксіз жұмыс істеуді қамтамасыз ету үшін санкциялық сын-кәтерлерге қарсы тұруға дайын болуы керектігін қаперге салды.


Қасым-Жомарт Тоқаев елдің қауіпсіздігі мен халықтың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін қолдан келгенін бәрін жасауға уәде берді.

А.БЕК

# ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ —



# АНА БОЛУ



**Ардақты аналар! Қадірлі қыз-келіншектер!**  
Сіздерді көктемнің шуақты мерекесі – ардақты ана, асыл жар, аяулы әпке мен қарындастың ортақ мейрамы – 8 наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын.

Әйел ана – өмірдің өзі, бақ пен берекенің көзі, нәзіктік пен көркемдіктің сәні, мейірімділік пен парасаттың мәні. Сондықтан да 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесінің орны әрқашанда бөлек.

Сіздердің демократиялық, зайырлы және құқықтық мемлекетті баянды етудегі рөлдеріңіз де ерекше. Өйткені «Ана ұлтты тәрбиелейді» деген сөз қазаққа бекер айтылмаған.

Көктемнің алғашқы күндерімен келетін мерекелік көңіл-күй Сіздердің сергектітеріңіз бен күш-жігерлеріңіздің қуат көзіне айналсын. Табиғат ана жанданып, мейірім шуағын молайтып, дүние түрлі түске боялатын көктемнің әсем мерекесі шуақты шаттығы мен баянды бақытын сыйласын.

Отбасыларыңызға амандық, зор денсаулық, бақыт пен сәттіліктер тілеймін!

Құрметпен,  
Қызылорда  
қаласының әкімі  
Ғанибек ҚАЗАНТАЕВ



### ҚАЙҒЫҒА САЛМАЙ ЖҮРЕГІН, АНАҒА ДҰРЫС ҚАРАҒАДАР

Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов: «Жұмақтың кілті ананың табанының астында» деп қашанда тіршіліктің бастауында аналардың тұратынын айтып өткендей. «Баланың табанына шөңге кіргенше, менің маңдайыма кірсін» дейтін аналар қауымы жылы жүрегімен, нұрлы жүзімен адамзат баласына шаттық сыйлап келеді. Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербететін аналарға қандай құрмет көрсетсек те артықтық етпейді.

«Ата – арым, ана – дәрім» деген жұртпыз. Басымыз ауырып, балтырымыз сыздағанда жанымыздан ең бірінші анамыз табылады. Інғәләл бесікте жатқан кезімізде де жұбатып, түн ұйқысын төрт бөлетін де анамыз. Ананың ар-ожданы, бобегі, ізгі еңбегі секілді үш бақыты бар. Олар өмірін де осы үш бақытпен байланыстыра өрбйтеді. Әйел баласының ерін күтуі, оған адалдығы өз алдына бөлек әңгіме.

Аналарға арнап жыр жазбаған ақын, қалам тербеген жазушы, ән арнамаған сазгер жоқ шығар. «Анасы бар адамдар, ешқашан қартаймайды» деген оңды жаттап өстік. Көктеммен бірге келетін 8 наурыз мерекесінде жыл сайын орындалып, әлі де шырқап келеміз. Ана тақырыбын адам баласы ізгі ниетпен сөз етеді. «Жер-Ана», «Табиғат-Ана», «Ана тілі» деуіміздің өзі тегін емес. Өнұранымыздың сөзін жазған Жүмекең Нәжімеденовтей ақын:

«Тербейді Ана көлеңкесін, шуақты –  
Планетаның алақаны сияқты...» – деп тебіренеді. Тұманбай Молдағалиев:

«Сөңдім-ау деп, өлдім-ау деп ышқынып,  
Қалған кезде бойымдағы күш бұғып.  
«Сөнбейсің» деп дауыстайды анашым,  
Мен орыннан жығыламын үш күрпін» – деп ана махаббатының бала біткенді кез келген қиындықтан шығаратынын жырға арқау етеді. Мұқағали Мақатаев болса: «Шешсе, сен бақыттысың» деп өлең арнайды.

Арғы-бергі тарихқа үңілсек, Ұмай ана, Тұмар патшайым, Зарина ханшайым, Бегім ана, Домалақ ана сияқты тұлғаларды кездестіреміз. Сақ патшайымы – Тұмар әлемді жаулап алу үшін соғыс ашқан парсы патшасы Кирдің көзін жойған. Ал Ұмай, Бегім, Домалақ аналар парасаттылығымен дараланады.

Небір ғалымдар мен ел билеген патшалардың өзі аналардың алдында дәрменсіз. Ананың бойындағы қасиеті балаға ақ сүті мен тәлімі арқылы беріледі. Зере мен Ұлжандай аналардың тәлімін алған Құнанбай мен Абай тарихи тұлғаларға айналды. Шоқан да ел анасы атанған Айғаным әжесінің тәрбиесін көрген. «Алып анандан туады» деген тәмсілдің негізінде шындық жатыр.

Жер бетін қандай қатыгездік жайласа да, мынау жаһанда мың жыл соғыс болса да, айналаны топан су басса да, әсем табиғат отқа оранып, күлге айналса да осының бәрінен құтқаратын мейірімге толы сәулелі үміт шуағы болады. Сол үміт пен мейірім жаны жылылыққа толы ана жүрегіне жайғасқан дер едім. Сондықтан да ананың бойынан адам баласына біткен бар игі жақсы қасиетті табуға болады. Өйткені өмірінің соңына дейін өзін емес ұрпағын ойлап өтетін аналар қауымына тіршіліктің бастауында-ақ атқарар міндеті мен арқалар жүгі сеніп тапсырылған. Бір өкініштісі, «мен кимесем кимейін, балам кісіні, мен жемесем жемейін, балам жесін» деп бүкіл ғұмырын ұрпағына арнайтын аналарға лайықты құрмет көрсетіп жүрміз бе? Мемлекеттен берілетін түрлі деңгейдегі көмектен бөлек қоғамда ауыз айтуға ұялатын небір келеңсіз жағдайларды бұл жерде санамалап жазбай-ақ қояйық. Өйткені аналарға көрсетілетін құрмет біз ойлағаннан да биік болуы керек. Аналар жасасын, өйткені әйелдің бақыты – ана болу. Сөз соңын

«Айналайын, адамдар!  
Бәріннің де анаң бар.  
Қайғы салмай жүрегің,  
Анаға дұрыс қараңдар» деген ақынның өлеңімен аяқтағанды жөн санадық.

А.АҚЫЛБЕК

## АЯУЛЫ АРУЛАРДЫҢ ШУАҚТЫ МЕРЕКЕСІ

Халықаралық әйелдер күніне орай Қызылорда қаласының әкімі Ғанибек Қазантаев арулар қауымын салтанатты түрде қабылдап, мерекені құттықтады. Көктемнің шуақты мерекесіне арналған жарқын жүздесуде қала басшысы Ғанибек Қазантаев пен қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев аруларға жылы лебіз арнап, құрмет көрсетті.



Салтанатты шарада Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Күләш Қалымбетоваға «Қызылорда қаласының құрметті азаматы» атағы берілді. Өз кезегінде Күләш Жантемірқызы құрмет көрсеткен ел азаматтарына алғысын жаудырды. Марапат төрінен

орын алған арулар қатарында әріптесіміз, «Ақмешіт апталығы» газеті бас редакторының орынбасары Гүлмира Ділдібекова да бар. Жүздері бал-бұл жайнаған әйелдер қауымы шарапаты мол, шаттығы көл қуанышқа толы салтанатты шараның шынайы

қуәсі болды. Олардың құшақтары гүлге толып, әкімдік тарапынан сый-сияпат табысталды. Мерекелік жүздесу соңында аруларға арнап әннен шашу шашылды.

«Ақмешіт-ақпарат»







